

Бекітемін

КМҚК «Балтөбек» Бөбекжай
Балабақпасының меңгерушісі
Г.К.Тастемирова

«20» 09 2022 ж



«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары

"Ата өнері - балаға мұра"

Пікір

Халықтық педагогиканы қолдану, сонымен қатар озық инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану – қазіргі заманымыздың басты талабы. Елім, жерім деп жүрегі соғатын азаматтарды тәрбиелеу жолында қазіргі мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлтының тарихы мен салт дәстүрін меңгертудің өзектілігі де айқын. Жаңа заманда, жаңа қоғамда жеке көзқарасы қалыптасқан, көкірегі ояу, білімді және білімге құштар азаматты тәрбиелеу – патриоттық тәрбие берудің мақсаттары болып табылады. Осы мақсаттардың бір де бір шешімі – оқыту – тәрбиелеу процесіне ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, қазақтың тұрмысы мен болмысын ұғындыратын жеке бағдарлама еңгізу.

Бағдарлама талапқа сай құрастырылған, мектепке дейінгі жас ерекшеліктері ескерілген, жаңа инновациялық технологиялар мен озық тәжірибелерді қолдануды көздейді. Мақсаты мен міндеттері айқындалған, бөлімдері тәрбиелік мәні зор тақырыптарды қамтыған.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп асқақ арманмен бабаларымыз бізге үлкен үміт артқан. Болашақ ұрпақты халық мұрасы – ата өнерін, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтары негізінде өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру – бүгінгі заман талабы.

Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде өтеді, атақты педагог Я.А. Коменский «Адам бойына өмірінің алғашқы кезеңінде сіңірген қасиеті ғана берік және сенімді болады» деген. Осылайша бала бойына халықтық педагогика негізінде ұлттық құндылықтарды сіңіру, халқымыздың ең жоғары тәрбие принциптерінің негізінде тәрбие беруді мектепке дейінгі мекеме қабырғасынан бастаудың өзектілігі айқындалады.

Дүниетанымның іргетасы төл мәдениетті терең білуден басталады. Мектеп жасына дейінгі балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды танып, сыры мен қырына үніле түседі. Осы жастағы балалардың дүниетанымын қалыптастыруда казак балалар фольклорының, салт-дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындардың және ұлттық өлке табиғатымен таныстырудың маңызы ерекше.

Бағдарлама үш бөлімнен тұрады.

I. «Ұлы рухты аталар ұрпағымыз»

II. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»

III. «Кең байтақ туған өлкем».

I бөлімде қазақтың асыл текті батырлары мен атақты даналары туралы, олардың әдеби шығармалары мен мұралары, сонымен қатар қазақтың әдет-ғұрпына тән тыйым сөздер және тұрмыстық салт дәстүрлер енгізілген.

II бөлімде халқымыздың қол өнері, ауыз әдебиеті, айтыс, осыған байланысты салт дәстүрлері тақырыптары енгізілген.

III бөлімде еліміздің, туған жеріміздің табиғаты, байлығы туралы ақпарат, туған жер туралы әдеби шығармалар қамтылған.

Мақсаты: Мектепке дейінгі балалардың дүниетанымын қазақ әдебиетінің, салт – дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындар және ұлттық өлке табиғатымен таныстыру негізінде қалыптастыру.

Міндеті:

- Балаларды қазақ әдебиетімен таныстыру, қазақтың билері мен ұлы жыршы, ақындар шығармаларымен таныстыру;

- Қазақтың салт дәстүрлерімен таныстыру, олардың тәрбиелік тағылымын балалардың бойларына сіңіру;

- Ұлттық ойындарға қызығушылықтарын ояту;

- Туған жеріміздің әсем табиғатын сүйю, қастерлеу, еліміздің табиғи қорын сақтап қалудың маңыздылығын түсіндіру, табиғатымызды қорғауға, жасамауға насихаттау.

Тақырыптық жоспары.

№	Бөлімдері	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Сағат саны
1	I. «Ұлы рухты аталар ұрпағымыз»	Құстар	Елімізде қандай құстар мекендейтіні туралы үйрету, құс атауларын үйрету, үй құстары мен дала құстары туралы білім беру, Бүркіттің туралы түсінік беру.	Елімізде мекендейтін құс суреттері.	2
2		Ұлттық ойындар	Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру, үйрету, ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын ояту.	Ұлттық ойын құралдары: асықтар, сүйек, күмалақ, ұлттық ойын бейнеленген суреттер	2
3		Туыстық атаулар	Туыстық атаулар туралы түсінік беру: ата, әже, әке, ана, аға, іні, апа. Туыстық	Туыстық қатынас бейнеленген	2

			сыйластық туралы мәлімет беру, балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.	жанұялық суреттер. Е.Отетілеуұлы «Біздің шаңырақ»	
4		Менің сүйікті ауылым	Өзінің туған жеріне, ауылына деген сүйіспеншілігін туғызу, Балалардың туған өлкесі туралы білімдерін кеңейту. Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.	Аулы бейнеленген түрлі фотосуреттер мен бейнетаспалар.	2
5		Күз сыйы	Күз жыл мезгілі жөнінде түсініктерін, күз сыйы жеміс жидектері, азықтары туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың сөздік қорын байыту.	Күзгі бақ суреттері, күзгі көрініс, жеміс жидектер. М.Нүктенова «Көкөністер дауы»	2
6		Күзгі еңбек	Күз мезгіліндегі халық еңбегімен таныстыру, қыстақ, қыстау ұғымдарымен таныстыру.	Үлкендер еңбегі бейнеленген суреттер, қыстақ суреттері	2
7		Нан тағамдары	Нан тағамдарымен таныстыру, нан түрлері және оның келу жолымен таныстыру, наубайханашы еңбегі туралы түсінік беру, құрметтеуге тәрбиелеу. Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.	Нан тағамдары, наубайхана бейнеленген суреттер. Е. Қалдыбаев «Ас атасы-нан»	2
8		Нанға қатысты тыйымдар мен ырымдар	Халқымыздың нанды ерекше қастерлейтінін түсіндіру. балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.	Суретті көрнекіліктер	1

9		Қазақтың батырлары	«Батыр» кім екенін түсіндіре отырып, ел қорғаған қазақ батырларымен таныстырып, батылдыққа, қайсарлыққа, отаншылдыққа тәрбиелеу.	Батырлардың суреттері. Ж.Қашқынов «Балуан»	2
10		Туған ел, жер туралы мақал мәтелдер	Туған жер, ел туралы мақал мәтелдерді үйрету, жаттау, олардың мағынасын түсіндіру	Туған жер, Отан мағынасын ашатын суреттер.	2
11		Бесік жыры	Бесік жыры қай кезде айтылады, оны кім айтатынын түсіндіру, бесік жырын жатқа айтқызу.	Бесік, ана мен сәби суреттері, қуыршақ.	2
12		Халық ертегілері	Ертегілер түрлерімен таныстыру, ертегіайту да шеберлік екенін ұғындыру, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен таныстыру, оқу.	Ертегі кітаптар	2
13	II «Ата көрген оқ жоңар, ана көрген тон пішер»	Бата, бата түрлері, бата беру салты	Бата деген не екенін, бата беру салтымен таныстыру, батаны кім беретіні туралы айтып, түсіндіру, бата түрлерін жатқа айтқызу.	Ата, бата беру салты бейнеленген суреттер,	2
		Наурыз тойы, тойға қатысты салттар	Наурыз тойы, салт-дәстүрлерді түсіндіру, наурыз тойының ерекшелігі туралы айту.	Наурыз тойы бейнеленген суреттер. «Наурызкөже» А. Шаяхметов	2
14		Еңбек туралы мақал	Еңбек туралы мақал мәтелдер оқып, жатқа айтқызу тәрбиелік мәнін	Еңбек бейнеленген	2

		мәтелдер	ұғындыру.	суреттер,	
15		Қазақтың қол өнер бұйымдары	Ата – бабаларымызды қол өнер бұйымдарымен таныстыру, атауларын, қолданылуын түсіндіріп үйрету.	Қол өнер бұйымдары бейнеленген суреттер және шынайы бұйымдар үлгілері	2
16		Ою өрнек түрлері	Ою өрнек түрлерімен таныстыру, өрнектің мәні болатындығы туралы түсінік беру, оюдың амалдарын көрсетіп, балаларға бірнеше оюларды салғызып үйрету.	Ою өрнек суреттері, оюланған көрпе, кесе, т.б. тұрмыстық заттар.	2
17		Ұлттық аспаптар	Ұлттық аспап түрлерімен таныстыру, олардың неден жасалынатыны туралы түсіндіру, ұлттық аспаптар туралы білімдерін кеңейту.	Ұлттық аспап үлгілері, ұлттық аспап суреттері	1
18	III. «Кең байтақ туған өлкем».	Төрт түлік түрлері, адамға пайдасы	Төрт түлік туралы білімдерін кеңейту. Олардың атаулары мен пайдасы туралы білімдерін бекіту.	Төрт түлік суреті, олардың азығы бейнеленген суреті. I.Жансүгіров «Төрт түлек жыры»	2
Барлығы 36 сағат					